


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

Бекітілді
Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде
Хаттама № 29 «29 қыркүйек» 2025 ж.
Факультет деканы  Байгунаков Д.С.



51531 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ДҮНИЕТАНЫМЫ ПӘНІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B02211-Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы
3 курс, күзгі семестр
6 кредит


Алматы 2025 жыл

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: Әбдінасыр Н.Н.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасы: «6B02211-Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген.

Археология, этнология және музеология кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды
«_02_» _09_ 2025 ж., хаттама № _1_

Кафедра меңгерушісі  Жуматаев Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
академиялық комитеттің төрайымы  Бижанова М.Т.
«_05_» _09_ 2025 ж., хаттама № _1_

Кіріспе

Студенттер «Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттердің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Қазақ халқының дүниетанымына кіріспе
2. Сақ-үйсін дәуірінің мәдениеті. Тәңіршілдік туралы түсінік
3. Қазақ халқының табиғат мінәжаты
4. Қазақ халқындағы бақсылық
5. Қазақ дүниетанымындағы діннің орны
6. Қазақ халқының әдет-ғұрыптық генезисі
7. Қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптарының қалыптасу арналары
8. Тіршілікқамы жүйесі: баспана
9. Көшпелі ортадағы әлеуметтену, адамның қоғамдағы орны мен мәртебесі
10. Халық педагогикасы
11. Қазақ ағартушылығының қайнар көздері
12. Ежелгі түркі халықтарындағы дәстүрлі жырлар (жоқтау, арнау, толғау, мақтау)
13. Жыраулар поэзиясы
14. Дәстүрлі-ғұрыптық тұрмыстық музыкалық мәдениет
15. Қазақ халқының музыкалық аспаптары

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- дәстүрлі қазақ дүниетанымының теориялық-әдіснамалық негіздерін түсіну
- наным-сенімдер мен мифологиялық жүйелерді ғылыми интерпретациялау

- ұлттық салт-дәстүрлер мен мерекелердің мәдени семантикасын талдау
- қазақ халқының рухани мұрасын кешенді және пәнаралық тұрғыда зерттеу
- тарихи, ауызша және жазбаша деректермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру
- дәстүрлі өнер мен музыкалық мәдениетті бағалау қабілетін қалыптастыру
- фольклорды заманауи әдістермен зерттеу және кәсіби даму бағыттарын болжау

Әдебиеттер тізімі

1. Хатран Д., Егизбаева М.К Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы. Қазақ университеті – 2025.
2. Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық этнографиялық энциклопедия. - Алматы, 2011-2014 жж;
3. Артықбаев Ж. О., Сабданбекова Ә. Ә... Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: «Кереку», 2008. – Б.1. – 345 б;
4. Кондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы, 2005.
5. Омарова С. Краткая история казахской цивилизации. – Алматы, 2005.
6. Орынбеков М. Предфилология протоказахов. – Алматы, 1994.
7. Сейдимбек А. Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление. – Алматы, 1999.
8. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1998.
9. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX–начало XX в.). – Алма-Ата, 1991.
10. Наурызбаева З. Вечное небо казахов. – Алматы, 2013.
11. Қазақ халқының салт-дәстүрі. Алматы, Ғылым. 2001.
12. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері. 1-2 томдар. – Алматы, Арыс. 2005-2006.
13. Диваев А. Тарту. – Алматы, Ана тілі. 1992.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы
 Форма: жазбаша (оффлайн). Платформа: Univer АЖ

Балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
Критерилер	1 сұрақ. Максималды балл – 33 балл				
	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Қазақ халқы дәстүрлі дүниетанымының деректану және тарихнамасы бойынша зерттеу саласындағы негізгі білімді теориялық негіздерін түсіндіру және түсіну	"Өте жақсы" деген баға музей ісі тарихының деректануы мен тарихнамасын талдап, ғалымдардың еңбектерін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми	"Жақсы" деген баға жауаптылық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұраққа толық жауаптың жазылмауы, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына	Қойылған сұраққа дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

	тұжырым жасап, сұраққа толық жауап жазу.	болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	жол береді, сұрақтың мазмұнын ашпайды.		
--	--	--	--	--	--

2 сұрақ. Максималды балл – 33 балл

Балл	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Критерилер					
Білім мен әдістемелерді қолдану, зерттеу саласындағы мәселелерді шешуді негіздеу. Қазақ халқы дәстүрлі дүниетанымының деректану және тарихнамасының негізгі мәселелерін ұғынуы.	Музей ісі тарихының деректануы мен тарихнамасы қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

3 сұрақ. Максималды балл – 34 балл

Балл	30-34 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Критерилер					
Қазақ халқы дәстүрлі дүниетанымының деректану және тарихнамасын түсіндіруге, бағалауға, тәжірибеде қолдануға қабілеттілігі.	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Этнографиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.